

Канада кредитін өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 25 сәуірдегі N 196

Қазақстан Республикасының шетел кредиторы - Канада экспортын дамыту жөніндегі корпорацияның алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ақмола облысының "Армавир" совхозы мен "Аквест" бірлескен кәсіпорнының комбайн сатып алу үшін Канада экспортын дамыту жөніндегі корпорация берген кредит бойынша мерзімі өткен берешегіне өтем жасасын.

2. "Тұранбанк" қазақ акционерлік банкі Тұранбанк, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және түпкі заем алушылар арасында республикалық бюджеттен аударылған қаражаттың сөзсіз қайтарылуына үш жақты келісім жасауды қамтамасыз етсін. Үш жақты келісімге қол қойылмаған жағдайда заемшы-кәсіпорындардың осы мәселе жөніндегі материалдары оларды банкрот деп тану үшін сот органдарына тапсырылсын.

3. Ақмола облысының әкімі облыс мұқтажына арнап тартылған Канада кредитінің бұдан былай уақтылы өтелуін және облыс шаруашылықтарының республикалық бюджетке қаражатты сөзсіз қайтаруын қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр